

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісі  
депутатарына

2026 жылғы 17 сәуір  
№ ДС-124

### Құрметті депутаттар!

Кейбір байланыс мәселелеріне қатысты сұрауды қарастырғаннан кейін мен мынаны хабарлаймын.

***Автомобиль және темір жолдарды мобильді байланыспен қамтамасыз етуге қатысты***

Автомобиль жолдарында мобильді байланыстың тұрақты қамтамасыз етілуін мақсат етіп, Жасанды интеллект пен цифрлық дамуды министрлігі (бұдан әрі – ЖИЦДМ) байланыс операторлары және жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып, «ақ дақтарды» анықтау бойынша талдау жүргізді (мобильді байланыс жоқ немесе жеткіліксіз қамтылған учаскелер).

Жүргізілген талдау қорытындысы бойынша автомобиль жолдары бойында антенна-діңгек құрылыстарын (бұдан әрі – АДҚ) салу жөніндегі жобаны іске асыруға бастамашылық жасалды.

Бірінші кезеңде 2026 жылдың соңына дейін республикалық автомобиль жолдары бойында 243 АДҚ салу жоспарлануда, екінші кезеңде 2027 жылдың соңына дейін – облыстық жолдар бойында 244 АДҚ салу көзделген.

Республикалық бюджеттің шығындарын оңтайландыруды ескере отырып, жобаны жүзеге асыру инвесторды тарту есебінен, АҚ «Транстелеком» компаниясымен жасалған инвестициялық келісім шеңберінде жүргізіледі.

Сонымен қатар, 2026 жылдың соңына дейін АҚ «Қазақстан Темір Жолы» OneWeb және Starlink секілді геостационарлық емес спутниктік жүйелердің технологиялары арқылы 27 жолаушылар бағытын интернетпен қамтамасыз етуді жоспарлап отыр.

***Туристік аймақтарды интернетпен қамтамасыз етуге қатысты***

Елді мекендерде және оларға іргелес аумақтарда орналасқан туристік орындар әртүрлі байланыс түрлерімен қамтамасыз етілген.

Алайда, ел аумағында халық қоныстанған жерлерден тыс орналасқан және маусымдық сипаттағы туристік орындар елеулі мөлшерде бар.

Сондықтан ЖИЦДМ Туризм және спорт министрлігімен бірлесе отырып, 2027–2028 жылдары байланыс операторымен келісім шеңберінде 4G стандартындағы мобильді интернетпен қамтамасыз ету жоспарланып отырған 50 туристік аймақты анықтады.

***Спутниктік технологияларды дамытуға қатысты***

Осы бағыт бойынша еліміздің барлық аумағында жеке және заңды тұлғалардың спутниктік байланыстың абоненттік терминалдарын пайдалану мүмкіндігін көздейтін заңнамалық түзетулер қабылданды.

«Қолжетімді Интернет» ұлттық жобасы шеңберінде спутниктік технологиялар арқылы 505 ауылдық елді мекен (329 – *OneWeb*, 176 – *Starlink*) Интернетке қолжетімділікпен қамтамасыз етілді.

2023 жылдан бастап 1800-ден астам шалғайдағы ауылдық мектептер *Starlink* спутниктері арқылы Интернетке қосылды.

Спутниктік технологиялар есебінен сымды технологияларды төсеу аяқталғанға дейін 15 шекаралық өткізу пункті интернетпен қамтамасыз етілген

***Телекоммуникацияларды көрсетуге арналған интерактивті сандық карта құруға қатысты***

ЖИЦДМ телекоммуникациялардың интерактивті сандық картасын жасау бойынша тиісті жұмыс ұйымдастырды, ол еркін пайдалануға қолжетімді болады, жобаны жүзеге асыру 2026 жылдың соңына дейін жоспарланған.

Бұл карта Қазақстанның барлық аумағында ұялы байланыстың (2G, 3G, 4G, 5G) қамтылуын және сапа деңгейін, сонымен қатар талшықты-оптикалық байланыс желілерінің бар-жоғын көрсетеді.

Карта нақты уақыт режимінде елді мекендердің, автомобиль жолдарының, туристік нысандардың және басқа да аумақтардың байланыспен қамтамасыз етілу деңгейін анықтауға, сондай-ақ төмен сапалы немесе байланыс жоқ аймақтарды белгілеуге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, аталған бағыттар бойынша жұмыс жалғасуда және Үкімет бақылауында тұр.

**Ж. Мәдиев**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Депутатам  
Мажиліса Парламента  
Республики Казахстан

На № ДС-124  
от 17 апреля 2026 года

### Уважаемые депутаты!

Рассмотрев запрос касательно развития отрасли связи, сообщаю следующее.

#### ***Касательно обеспечения мобильной связью автомобильных и железных дорог***

В целях обеспечения мобильной связью автомобильных дорог Министерством искусственного интеллекта и цифрового развития (далее – МИИЦР) совместно с операторами связи и местными исполнительными органами проведен анализ по определению «белых пятен» (участки с отсутствием или недостаточным покрытием мобильной связью).

По итогам проведенного анализа инициирована реализации проекта по строительству антенно-мачтовых сооружений (далее – АМС) вдоль автомобильных дорог.

На первом этапе до конца 2026 года предусмотрено строительство 243 АМС вдоль республиканских автомобильных дорог, на втором – до конца 2027 года 244 АМС вдоль областных дорог.

С учетом оптимизации расходов республиканского бюджета реализации проекта предусмотрена путем привлечения инвестора, в рамках соглашения об инвестициях, заключенного с АО «Транстелеком».

Наряду с этим, до конца 2026 года АО «Қазақстан Темір Жолы» посредством технологий негеостационарных спутниковых систем OneWeb и Starlink планируется обеспечить доступом к интернету 27 пассажирских маршрутов.

#### ***Касательно обеспечения интернетом туристических территорий***

Туристические локации расположенные в населенных пунктах и прилегающих к ним территориях обеспечены различными видами связи.

При этом имеются туристические локации, расположенные вне пределов населенных пунктов, посещение которых носит сезонный характер.

Так, МИИЦР совместно с Министерством туризма и спорта определены 50 туристических территорий, которые планируется обеспечить мобильным интернетом стандарта 4G в 2027-2028 годы в рамках соглашения с оператором связи.

#### ***Касательно развития спутниковых технологий***

По данному направлению приняты законодательные поправки, предусматривающие возможность использования абонентских терминалов спутниковой связи физическими и юридическими лицами на всей территории страны.

В рамках национального проекта «Доступный Интернет» посредством спутниковых технологий доступом к интернету обеспечены 505 сельских населенных пунктов (329 – *OneWeb*, 176 – *Starlink*).

С 2023 года более 1800 отдаленных сельских школ подключены к интернету посредством спутников *Starlink*.

До завершения прокладки проводных технологий за счет спутниковых технологий 15 пограничных пунктов пропуска обеспечены интернетом.

#### ***Касательно создания интерактивной цифровой карты телекоммуникаций***

МИИЦР организована соответствующая работа по созданию интерактивной цифровой карты телекоммуникаций, доступной для свободного пользования. Реализация запланирована до конца 2026 года.

Данная карта предполагает отображение покрытия и уровня качества мобильной связи (*2G, 3G, 4G, 5G*) по всей территории Казахстана, а также наличие волоконно-оптических линий связи

Карта позволит в режиме реального времени определять обеспеченность связью населенных пунктов, автомобильных дорог, туристических объектов и иных территорий, а также выявлять зоны с низким качеством или отсутствием связи.

В целом, работа по указанным направлениям продолжается и находится на контроле Правительства.

**Ж. Мадиев**